

### **№ 3 республикалық спорт колледжін беру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 22 сәуір N 485

Спорттағы жоғары жетістіктерді одан әрі дамыту, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің әскери бөлімдері үшін дене тәрбиесі мен спорт мамандарын даярлауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. 1996 жылғы 1 мамырдан бастап № 3 республикалық спорт колледжін өзінде бар материалдық-техникалық базасымен, жабдығымен және мүкәммалымен Қазақстан Республикасының Білім министрлігінің жүйесінен Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің қарамағына беру туралы Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің Қазақстан Республикасының Білім министрлігімен келісілген ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі № 3 республикалық спорт колледжін белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің балансына берсін.

3. Жоғарыда аталған колледж армияның орталық спорт клубының әскери спорт колледжі (бұдан былай - Колледж) болып қайта аталсын.

4. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі:  
оқу процесін білім берудің мемлекеттік стандарттарын сақтап және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери бөлімдері үшін дене тәрбиесі мен спорт бойынша орта арнаулы білімді мамандарды тиісті санаттарының жаңа бейініне сәйкес ұйымдастырсын және ағымдағы жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде қажетті материалдық-техникалық жағдайларды қамтамасыз етсін;

бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен келісіп Колледж туралы қолданып жүрген Ережеге тиісті өзгерту енгізісін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1996 жылға арналған республикалық бюджеттің кірістер мен шығыстар жазбасына 1996 жылға арналған республикалық бюджеттің "Білім беру мен кадрларды кәсіби даярлау" бөлімі бойынша бекітілген қаражаттың шегінде заңда белгіленген тәртіппен өзгерту енгізісін.

6. Колледжді жаңа оқу бағдарламасын ойдағыдай бітірген түлектерге

"кіші лейтенант" әскери атағы берілсін және олар әскери қызметтен өту үшін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің тиісті әскери бөлімдеріне жіберілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК